

**Сатып алуды өткізу туралы хабарландыру,
гранттық қаржыландыру жобасы шеңберінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын
орындау үшін баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен АР23490029 «Егістік жердің
ылғалдылығы мен құнарлылығын арттыруға арналған мультикомпозиттік
биогидрогель әзірлеу»**

Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан Университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (сатып алуды ұйымдастырушының заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, ШҚО, 070020, Өскемен қаласы 30-шы Гвардиялық дивизия к-сі, 34; сатып алуды ұйымдастырушының нақты мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, ШҚО, 070020, Өскемен қаласы, Қазақстан к-сі, 55) 1-қосымшада көрсетілген тауарларға баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды өткізу туралы хабарлайды.

Қазақстан Республикасы, ШҚО, 070002, Өскемен қаласы, Бажова к-сі, 7, мекен-жайы бойынша Тапсырыс берушінің орналасқан жерінде Әлеуетті өнім берушінің мамандарымен тауарлар жеткізілуі тиіс.

Талап етілетін жеткізу мерзімі 1-қосымшада көрсетілген, техникалық сипаттама 1.1-қосымшада көрсетілген.

Әлеуетті өнім беруші ұсынысы мыналарды қамтуы тиіс:

1. техникалық ерекшелік талаптарына сәйкестікке сатып алуға арналған коммерциялық (баға) ұсыныс немесе прайс-парақтар, тауарды жеткізу/қызмет көрсету мерзімін көрсете отырып, ҚҚС-мен/ҚҚС-сыз ескере отырып, ұсынылатын баға мен құнды көрсете отырып;

2. мемлекеттік кірістер органдарында есепке алу жүргізілетін, салық берешегінің жоқтығы туралы анықтама;

3. заңды тұлғаны әрекетсіз заңды тұлға деп тану немесе оның қатысушыларының әрекетсіз заңды тұлғаларға қатыстылығы туралы анықтама беру

4. банктегі ақша шотының анықтамасы;

5 заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлік (заңды тұлғалар үшін);

6. дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі (жеке тұлғалар үшін);

7. кепілдік және кепілден кейінгі қызмет көрсету туралы мәліметтер;

8. әлеуетті өнім берушіден мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде тұрмағандығы және өткізілетін сатып алу шеңберінде дәйексіз мәліметтер ұсынғаны үшін жауаптылығы туралы хабардар екендігі туралы растау анықтамасы.

Әлеуетті өнім берушілер өтінімдерді Әлеуетті өнім берушінің мөрімен бекітілген желімделген конвертте ұйымдастырушының нақты мекен-жайы бойынша ұсынады: Қазақстан Республикасы, 070004, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Қазақстан көшесі, 55, №407 каб.

Коммерциялық (баға) ұсыныстарды немесе прайс-парақтарды ұсынудың соңғы мерзімі: 2025 жылдың «11» қарашасы, сағ. 18:00 дейін.

Сатып алуға қатысуға өтінімдерді ашу жөніндегі сатып алу комиссиясының отырысы: 2025 жылдың «12» қарашасында, Қазақстан Республикасы, ШҚО, 070004, Өскемен қаласы, Қазақстан көшесі 55, «Абай» конференц-залы мекенжайы бойынша өтеді.

Толық ақпаратты және анықтаманы 8 (7232) 241-328 байланыс телефоны арқылы алуға болады.

**«Сәрсен Аманжолов атындағы
Шығыс Қазақстан университеті»
КЕ АҚ Басқарма Төрағасы – ректоры**



М.Төлеген